

**Жеке тұлғамен есеп айырысу туралы анықтама мен жұмыскердің салық шегерімдерін қолдану туралы өтініш нысандарын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 10 тамыздағы № 439 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 9 қыркүйекте № 14220 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 1 ақпандағы № 102 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 01.02.2018 № 102 ( 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің (Салық кодексі) 162-1 бабының 3-тармағына және 165-1-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес салық агентінің жеке тұлғамен есеп айырысу туралы анықтаманың нысаны;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес салық шегерімдерін қолдануға арналған **өтініштің нысаны бекітілсін.**

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (Д.Е. Ерғожин) заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберілуін;
- 3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінен алған күннен бастап он күнтізбелік ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 01.02.2017 № 73 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2016 жылғы 10 тамыздағы  
№ 439 бұйрығына  
1-қосымша  
Нысан

**Жеке тұлғамен есеп айырысу туралы АНЫҚТАМА**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 01.02.2017 № 73 бұйрығымен.

Салықтық кезең: \_\_\_\_\_

Жеке тұлғаның ЖСН-і: \_\_\_\_\_

Жеке тұлғаның Т.А.Ә (болған кезе): \_\_\_\_\_

Салық агентінің (жұмыс берушінің) ЖСН(БСН) \_\_\_\_\_

Салық агентінің (жұмыс берушінің) атауы \_\_\_\_\_

Айы	Төлем көзінен салық салуға жататын кірістің сомасы	жеке табыс салығы бойынша түзетудің сомасы, оларды көшіруді қоса алғанда*	қолданылған салық шегерімдерінің сомасы, оларды көшіруді қоса алғанда, барлығы **:	1	2	3	4 (5+6+7+8+9+10+11+12+13)
қаңтар							
ақпан							
наурыз							
сәуір							
мамыр							
маусым							
шілде							
тамыз							
қыркүйек							
қазан							
қараша							
желтоқсан							

БАРЛЫҒЫ \_\_\_\_\_  
:

Оның ішінде:									Жеке тұлғаның салық салынатын кірісінің сомасы
МЗЖ	Стандартты шегерім	Міндетті медициналық сақтандыруға	Көп балалы отбасылар үшін	Ерікті зейнетақы жарналары үшін	Оқу үшін	Медицина үшін	Сыйлықақылар бойынша	Сақтандыру сыйақылары бойынша	
5	6	7	8	9	10	11	12	13	14 (2-3-4)

Басшы \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә.) (болған кезе) (мөрдiң орны) (қолы)

Анықтама беруге жауапты лауазымды тұлға \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә.) (болған кезе) (қолы)

Анықтаманың берiлген күні 20\_\_\_\_\_ жылғы "\_\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

Ескерту:

\* - салық салудан босатылатын табыстар (табыстарды түзету) Салық кодексінің 156-бабының 1-тармағында қарастырылған, табысты түзетуді көшіру Салық кодексінің 156-1-бабына сәйкес жүргізіледі.

\*\* салық шегерімдері Салық кодексінің 156-2, 156-3, 156-3, 156-6, 156-7, 156-8, 156-9, 156-10, 156-11-баптарында қарастырылған, стандартты салық шегерімін көшіру Салық кодексінің 156-5-бабына сәйкес жүргізіледі, басқа да салық шегерімдерін көшіру Салық кодексінің 156-12-бабына сәйкес жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2016 жылғы 10 тамыздағы  
№ 439 бұйрығына  
2-қосымша  
Нысан

### **Салық шегерімдерін қолдануға арналған ӨТІНІШ**

Кімге \_\_\_\_\_

(Атауы, салық агентінің (жұмыс берушінің) ЖСН/БСН)

Кімнен \_\_\_\_\_

(Жеке тұлғаның (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)  
Т.А.Ә. және ЖСН)

Салық заңнамасына сәйкес жеке табыс салығын есептеу кезінде төлем көзінен салық салуға жататын кірістерден мынадай салық шегерімдерін қолдануды сұраймын:

1	12-еселенген ең төменгі жалақы түріндегі стандартты салық шегерімі (күнтізбелік ай үшін 1 АЕК)	? ия
2	Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар бойынша салық шегерімі	? ия
Көпбалалы отбасы үшін салық шегерімі мына мөлшерде:		
3	1) 24-еселенген ең төменгі жалақы түрінде (көпбалалы отбасының ата-анасының бірімен салық шегерімі қолданылған жағдайда)	? ия
	2) 12-еселенген ең төменгі жалақы түрінде (көпбалалы отбасының ата-анасының әрқайсысымен салық шегерімі қолданылған жағдайда)	? ия
4	Өз пайдасына ерікті зейнетақы жарналары бойынша салық шегерімі	? ия
5	Оқуға жұмсалған шығындар бойынша салық шегерімі (10-еселенген ең төменгі жалақыдан аспайтын мөлшерде)	? ия
6	Медициналық қызметтерді төлеуге жұмсалған (косметологиялықты қоспағанда) шығындар, оның ішінде ерікті медициналық сақтандыруға шығындар бойынша салық шегерімі (10-еселенген ең төменгі жалақыдан аспайтын мөлшерде)	? ия
7	Ипотекалық тұрғын-үй қарыздары бойынша сыйлықақыларды төлеуге жұмсалған шығындар бойынша салық шегерімі (10-еселенген ең төменгі жалақыдан аспайтын мөлшерде)	? ия
8	Жинақтаушы сақтандыру келісім-шарттары бойынша сақтандыру сыйақыларын төлеуге жұмсалған шығындар бойынша салық шегерімі	? ия

Салық шегерімдерін қолдану үшін мынадай құжаттарды қоса ұсынамын:

---



---



---



---



---

Қосымша " \_\_\_\_\_ " парақта.

Мынаны растаймын:

1) осы өтініште көрсетілген салық шегерімдері басқа салық агенттерімен ( жұмыс берушілермен) қолданылмаған;

2) көпбалалы отбасы үшін салық шегерімі (нұсқалардың бірінде Х белгілеңіз) :

а) жұбайыммен (зайыбыммен) кіріс есептелген әрбір ай үшін 2-еселенген ең төменгі жалақы түрінде қолданылмаған (жұбайының (зайыбының) қолы қойылуы керек);

б) жұбайыммен (зайыбыммен) кіріс есептелген әрбір ай үшін 1-еселенген ең төменгі жалақы түрінде қолданылған (жұбайының (зайыбының) қолы қойылуы керек).

Ескерту: жұбайы (зайыбы) болмаса көпбалалы отбасы үшін салық шегерімін қолданған жағдайда өтінішке жұбайының (зайыбының) болмауын растайтын нотариалды куәландырылған құжат тіркелуі қажет.

\_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

(жеке тұлғаның (болған кезде)Т.А.Ә.) (қолы) (өтінішті беру күні)  
\_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

(жеке тұлғаның жұбайының (зайыбының) (болған кезде) Т.А.Ә.) (қолы) ( өтінішті беру күні)

Назар аударыңыз! Салық шегерімдерін қолдануға өтініш әрбір күнтізбелік жылда жұмыс берушіге табыс етіледі. Егер де келесі жылдарда деректері өзгермейтін салық шегерімдері бойынша растау құжаттары ұсынылған жағдайда, аталған құжаттардың жыл сайын табыс етілуі талап етілмейді.

Жұбайының (зайыбының) қолының қойылуы тек көпбалалы отбасы үшін салық шегерімдерін қолданған жағдайда ғана талап етіледі.